

## Тақырыптық-шолу экскурсиялары

2019 жылы 24 қаңтарда "Экологиялық көліктер" тақырыбында экскурсия өткізілді.

46 ТРк студенті Қайрат Нұрсат 21 ЭА-к студенттеріне біздің оқу орнымыздағы автомобильдер тарихы және заманауи автомобильдер туралы айтып берді.



**2019 жылдың 27 ақпанында "Колледжде 30 жылдан астам жұмыс істеген оқытушылар" тақырыбында тақырыптық-шоу экскурсиясы өткізілді.**

Қоғамдық пәндер оқытушысы Г.Р.Шарафудинова өз баяндамасын презентациямен, бейнефильмдерден үзінділермен сүйемелдей отырып, 12ТР-э студенттеріне колледжде қызмет еткен оқытушылармен таныстырды.

Колледж мұражайының меңгерушісі Г.К. Амербаева студенттерді колледжде 30 жылдан астам жұмыс істеген және қазіргі таңда колледжде қызмет ететін оқытушыларға арналған экспозициясымен таныстырды.





## Колледж мұражайына экскурсиялар

2019 жылдың 10–25 қыркүйегі аралығында жаңадан қабылданған студенттер колледж мұражайына барды. Мұражай жетекшісі Г.К. Амербаева жоғары курс студенттері қатарындағы мұражай Кеңесінің мүшелері және экскурсия жүргізушілерімен бірігіп экскурсия өткізді.

Бірінші курс студенттері көлік колледжінің ашылу тарихымен, оқу орнының бастауында тұрған оқытушылар мен жетекшілердің өмірбаяндарымен, экспонаттар және материалдармен танысты.

Оқу орнының ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысына қатысқан қызметкерлер мен оқытушылардың, тыл ардагерлерінің, Ауған соғысына қатысқан түлектердің мұрағаттары мен жеке жинақтарын көрді



2019 жылы 15 қазанда мұражай Кеңесінің мүшелері жаңа оқу жылында келген топтары арасында колледж тарихы бойынша байқау өткізді.

### Байқау нәтижелері:

<b>1 курс студенттері арасында</b>			
<i>№</i>	<i>топ</i>	<i>ұпай</i>	<i>алған орны</i>
1.	11 ЭВП	3,7	
2.	11СМ	5,1	<b>II орын</b>
3.	11ДМ	4	
4.	11ЭА-к	4,2	
5.	11ТР	4,2	
6.	13ЭА	4,4	
7.	12СМ-к	4,5	<b>III орын</b>
8.	13ТР-эк	5,2	<b>I орын</b>
9.	12ЭА-к	4,4	
10.	12ТР-эк	4,1	

<b>1 курс студенттері арасында</b>				
<i>№</i>	<i>топ</i>	<i>ұпайы</i>	<i>алған орны</i>	<i>ең жоғары нәтиже</i>
1	11ДМ	8	<b>I орын</b>	<b>Хусаинов Даурен</b>

<b>2 курс студенттері арасында</b>			
<i>№</i>	<i>топ</i>	<i>ұпай</i>	<i>алған орны</i>
1.	23ТР-к	3,7	
2.	22ДМ-к	4,4	<b>III орын</b>
3.	24ТР-м	5,5	<b>I орын</b>
4	21СВ	5	<b>II орын</b>

<b>2 курс студенттері арасында</b>				
<i>№</i>	<i>топ</i>	<i>ұпайы</i>	<i>алған орны</i>	<i>ең жоғары нәтиже</i>
1	24ТР-м	9	<b>I орын</b>	<b>Жумадилов Темирлан</b>

## Колледждің әнұранын білу және орындау байқауы

Отансүйгіштікті тәрбиелеу және өз оқу орнын құрметтеу мақсатында **2019 жылдың 22 қарашасында** «Көркемөнерпаздар байқауы» аясында жаңадан қабылданған топтардың арасында колледждің әнұранын білу және оны үздік орындау байқауы өтті.

Байқаудың қатысушыларына баға беріп, қорытындысын шығару қазылар алқасына міндеттелді. Олардың құрамында: мұражай кеңесінің мүшелері, мұражай жетекшісі Амербаева Г.К. және жоғары курс студенттері болды.

Бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізілді: салтанаттылық (сапқа тұрыс, сыртқы келбеттері), әнұран мәтінін білуі, музыкалық орындауы, сахналық мәдениеті.

Барлық топтар өте жақсы дайындалды. I орынды **13 ТРЭ-к** тобы иеленді.





**2020 жылдың 14 қаңтарында** "Әлемді бағындырған тұлға" атты тақырыптық экскурсия өткізілді. Экскурсия әр жылдары колледж директорлары жайлы басталды да, қазіргі колледж директоры, "Әлем барысы" А. С. Нұғымаров туралы әңгіме өрбіді. 21–ДМ-к студенті, студенттік ғылыми конференцияның жеңімпазы Кабжанов Мейіржан 11ЭА-к тобы үшін экскурсияны өткізді.



**2020 жылдың 30 қаңтарында** "Олар бізде оқыды" атты тақырыптық экскурсия өткізілді. Мұражай кеңесінің мүшесі Ахмет Ақерке 11СМ тобының студенттеріне көлік колледжінде мамандық алып, өмірге жолдама алған түлектер, колледж, ел тарихында жарқын із қалдырған адамдар туралы айтып берді.

